

ЖОЛ ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ
СИПАТТАМАЛАРЫ

1. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға жол таңбалары мен олардың сипаттамалары туралы түсінік беру.

2. Сабақтың барысы:

а) Ұйымдастыру кезеңі :

Взвод командирі білімгерлерді сапқа тұрғызады, оқытушыға рапорт береді, амандасу, түгендеу, білімгерлердің сырт көрінісін тексеру.

ә) Өтілген тақырыпты сұрау кезеңі:

1. Белгілер қандай қызмет атқарады ?
2. Қандай белгі жүргізушіні қиылысатын жолмен келе жатқан көлік құралына жол беруді міндеттейді ?
3. Елді мекенде жолдың жекелеген учаскесінде қандай жол белгісінің көмегімен ең жоғары жүріс жылдамдығын 60 км / сағ - тан артыруға болады ?
4. «Тура жүру» белгісінің қолданылуы қандай көлік құралдарына катысты ?
5. «Айналып бұрылуға арналған жер» белгісі қолданылатын аймақта сол жаққа бұрылуға рұқсат етіле ме ?
6. Қызмет көрсету белгілері не үшін керек ?
9. Қосымша ақпарат белгілері қай жерлерге орнатылады.

б) Негізгі бөлім:

Жол таңбалары — автокөліктердің және басқа да көлік құралдарының қозғалысын реттеуге көмектесетін жол бетіндегі белгілер. Бұл таңбалар жүргізушілерге апаттық жағдайды болдырмау үшін жүру бөлігінің нақты осы учаскесінде өзін қалай ұстау керектігін көрсетеді.

Таңба сызықтары қозғалысты реттеудің тұрақты құралдары болып табылады. Көшедегі жолдың жүру бөлігіндегі және жолдардағы ақ, кейде сары сызықтар, бағыттаушылар, сөздер мен әріптер – қозғалысқа дұрыс

бағыт алуға көмектесетін және сол арқылы жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жол белгілерінің сызықтары.

Көшелер мен жолдардың жүру бөлігіндегі, қиылыстар мен алаңдардағы белгілеулер белгілердің



жақсы көрінуін және ұзақ сақталуын қамтамасыз ететін бояумен жазылады.

Жол таңбалары көлденең және тік болып бөлінеді.

Көлденең таңба сызықтар бағыттаушылар, әріптер, сандар және пиктограммалар түрінде болуы мүмкін.

Ұзына бойы таңбалауды жол төсемінің кез келген учаскесінде көруге болады. Ол қозғалыс жолақтарының шегарасын белгілеу үшін пайдаланылады немесе жүру бөлігінде әртүрлі бағытқа бағытталған көлік ағындарын бөлуге көмектеседі.

Бойлық таңбаға көше бойының дәл ортасымен тікелей жүргізілетін сызықтар жатады. Көлік құралдарының қарама қарсы ағындарын бөлетін бұл сызықтар жолдың жүру бөлігін оң және сол жаққа бөледі. Олар тұтас және үздік болуы мүмкін.

Көше (жол) бойымен жүретін тұтас немесе үздік сызықтар жүру бөлігін қозғалыс үшін жолақтарға бөледі. Бұл сызықтар көлік ағындарын қалыптастыруға көмектеседі.

Жіңішке, тегіс, ақ сызық жолдың ортасына жиі жағылады. Ол қара

- қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөледі және қауіпті жерлердегі қозғалыс жолақтарының шегарасын білдіреді.



15.2-сурет. Тұтас сызыққа бөлінген жол

Мұндай сызықты кесіп өтуге немесе жүргізушілерге оны басып жүруге тыйым салынады. Жаяу жүргінші де бұл туралы білуі керек. Егер жаяу жүргінші жүру бөлігінен өтіп үлгермесе, ол осы жолда (жолдың ортасында орналасқан) тоқтап, жақындап келе жатқан көлікті өткізе алады.

Көлік қозғалысы үшін жолда төрт және одан да көп жолақ болса, онда оның ортасында қос тұтас ақ сызық салынуы мүмкін. Бұл сызықты басуға және оны кесіп өтуге болмайды.



15.3-сурет. Қос тұтас ақ сызықпен бөлінген төрт жолақты жол

Үзілген ақ сызықты белгілерді жүргізуші кесіп өте алады. Сондықтан жаяу жүргіншіге жолдан өту кезінде жүру бөлігіндегі сызықтарға тоқтауға тыйым салынады.



15.4-сурет. Үзік-үзік ақ сызықпен бөлінген жол

Көлденең таңбалау көлік құралдарының қозғалысына перпендикуляр орналасқан, бұл жүргізушілерге аса мұқият болу, жылдамдықты азайту немесе тоқтату қажет екендігін көрсетеді.

Белгілеу жаяу жүргіншілердің көшеден (жолдан) өту орындарын, көлік құралдарының жүру бөлігінің қатарларында орналасуын көрсетеді; трамвай, троллейбус пен автобустардың күту орындарын анықтайды; көлік құралдарының ағынын бағыттайды; бағдаршам және реттеушінің сигналдарымен тыйым салынған кезде олардың тоқтау орындарын көрсетеді және т.б.

Кең жолда арнайы белгі мен таңбаланған «қауіпсіздік аралдары» жиі кездеседі. Бағдаршамның жасыл сигналы кезінде жүру белігінен оту аяқтауға үлгермеген жаяу жүргіншілер осы жерде тоқтауы және қозғалыста келетін көлікті естап жіберуі тиіс.

Жүргізушілерге «қауіпсіздік аралын»

белгілейтін белгіні басып жүруіне қатаң тыйым салынады.



15.5-сурет. Қауіпсіздік аралы

Жүру бөлігінің жиектерін білдіретін сызық жиек жағынан қозғалысы қарқынды жолдарда салынады. Осы таңбалардың түріне жаяу жүргінші өткелдерінің, тоқтау сызықтары, көлік құралдарын тоқтатуға тыйым салу сызықтары және т.б. жатады. Отырғызу алаңдары тұтас сызықтармен шектеледі. Ішінде адамдар болмаса да көлік құралдарының оны басуға құқығы жоқ.

Жаяу жүргінші өткелдерінің сызықтары жаяу жүргіншілерге көшеден немесе жолдан өтуге рұқсат етілетін жүру бөлігіндегі учаскені белгілеу үшін қызмет етеді.

Олар қиылыстарға немесе

өтуге ыңғайлы басқару жерлерге салынады.

Өткелдер етудің барлық ұзындығы бойынша жүру бөлігінің бойымен тұтас сызықтар мен белгіленуі мүмкін. Олар «зебра» деп аталады.



15.6-сурет. Жаяу жүргінші өткелі сызықтары

Жүру бөлігіне көлденең салынған тұтас сызық - тоқтау сызығы. Ол бағдаршамның (реттеушінің) тыйым салатын сигналы кезінде немесе «тоқтаусыз қозғалуға тыйым салынады» белгісі болған жағдайда көлік құралының тоқтау орнын көрсетеді. «Тоқтаусыз қозғалуға тыйым салынады» белгісімен ұштастырылып қолданылған тоқтау сызығына жақындағаны туралы жүргізушіге жолдың жүру бөлігінде «тоқтау» деген жазумен ескертіледі.



15.7-сурет. Тоқтау сызығы

Кейбір белгі сызықтары жүру бөлігіне сары бояумен жағылады. Мұндай сызықтар жүру бөлігінің шетіне салынады. Егер жүру бөлігінің шетіне сары

түсті тұтас сызық салынса онда осы жерде көлік құралдарына тоқтау тыйым салынады, егер үзік сызық сары түс болса, бұл жерде тұрақтауға тыйым салынады.



15.8-сурет. а) Аялдауға тыйым салынады; б) тұраққа тыйым салынады

Қоғамдық көліктің аялдамаларын белгілеу үшін жүру бөлігінің шетіне сары түсті сынған сызық салынады. Ол қоғамдық көлік (автобус, троллейбус) жүргізушісін және жаяу жүргіншіні автобуска немесе троллейбусқа отырғызу жүзеге асырылатын аялдама бар екендігі туралы хабардар етеді. Жолдағы бағыттаушылар көлік қозғалысының ықтимал бағытын көрсетеді. Көп жолақты жолдарда бағыттамалық белгілер кейде жол белгілерімен қайтланады, себебі автокөліктердің үлкен ағыны жағдайында оны көру қиын.

Пиктограммалар белгілеуде жиі қолданыла бермейді. Оны мысалы ретінде велосипед және арбамен жүретін мүгедектің бейнесін айтуға болады. Велосипед суреті жолдың жаяу жүргіншілер немесе автокөлікке емес, велосипедшілерге арналғанын білдіреді. Мүгедектің бейнесі мүмкіндігінше шектеулі адамдарға арналған тұрақ орындарын белгілеу үшін пайдаланылады.



15.9-сурет. Көліктің қозғалыс бағыты

Тік таңба жолдарда көлденең таңбалар сияқты жиі кездесе бермейді. Көп жағдайда тік таңба жүру бөлігіне тікелей жақын орналасқан және көлік құралдары үшін жанама қауіп төндіруі мүмкін құрылыстарды белгілеу үшін пайдаланылады. Тік таңбаға жол құрылыстарын, көпір тіреулерін, қоршауларды және т.б. білдіретін сызықтар жатады.

Тік таңба көлік құралдарының жүргізушілеріне талапты қоймайды және жүргізушілер ықтимал қауіп туралы хабар ету үшін ғана қажет. Жолдағы тік таңба қауіптілігі белгілеу үшін пайдаланылады және ақ, қара жолақтарды кезектесуін білдіреді.














15.10-сурет. Тігінен таңбалау

Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер

Жол қозғалысына қатысатын механикалық, көлік құралдары белгілі бір талаптарға сай болуы тиіс. Мысалы механикалық көлік құралдарында (трамвайлар мен троллейбустардан басқа) және тіркемелердегі көзделген орындарда мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері орнатылуы тиіс.




Жол жүрісі қағидалары көлік құралдарының жекелеген санаттарына, атап айтқанда: жолаушыларды тасымалдау үшін пайдаланылатын борттық платформасы бар жүк автомобиліне, жүргізуге оқыту үшін пайдаланылатын және оқу ұйымына тиесілі механикалық көлік құралына, велосипедке және көлік арбасына ерекше талаптар қояды.

Көлік құралдарының кейбір санатында ЖЖҚ - ға сәйкес тану белгілері болуы тиіс, атап айтқанда: «Автопойыз» , «Бұдырлар» (жүргізушінің қалауы бойынша) , «Балаларды тасымалдау» , «Саңырау жүргізуші» , «Оқу - көлік құралы» , «Жылдамдықты шектеу» , «Қауіпті жүк» , «Ірі көлемді жүк» , «Ұзын өлшемді көлік құралы» , «Мүгедек» , «Дәрігер» .

Бұдан басқа, ережелерде көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын жағдайлар баяндалған.

в) Қорытынды бөлім:

Сұрақтар:

1. Жол белгісі не үшін қолданылады ?
2. Тоқтауға тыйым салынған жерді қандай таңба білдіреді ?
3. Белгі қандай жол таңбасына сәйкес келеді  ?
4. Велосипед жолы жүру бөлігін кесіп өтетін жерді қандай таңба білдіреді ?
5. Егер уақытша жол белгісі мен жол таңбалары бір біріне қайшы болса жүргізуші не істеу керек ?
6. Тігінен орналасқан белгі не үшін қажет ?

Тапсырмалар:

1. Біздің елімізде жол таңбаларының қандай түстері қолданылады ?
2. Тұтас сызық түріндегі бойлық таңбаны қандай жағдайда, ал үзік сызық түріндегі табаны қандай жағдайда қолданылады ?
3. Айналаңдағы жақындарыңнан ҚР ЖЖҚ- да көрсетілген қандай таңбаларды білетінін сұраңдар.
4. Өз мектебің тұрған аумақта жол белгілерінің орынды қолданылуына баға беріңдер .